

2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2008 жылғы 16 ақпандағы N 60 шешімі. Қостанай облысы әділет департаментінде 2008 жылғы 19 наурызда N 3628 тіркелді. Күші жойылды - іс-әрекет мерзімі өткендігі бойынша Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 13 қаңтардағы № 10 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - іс-әрекет мерзімі өткендігі бойынша Қостанай облысы мәслихатының 2011.01.13 № 10 хатымен.

Қазақстан Республикасы "Салық Кодексінің 462-бабына , Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бабының 6) тармақшасына, 101-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы Қаулысын басшылыққа алып, Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкалары белгіленсін (қосымша).

2. "2007 жылға арналған қоршаған ортаны ластау үшін төлемақының ставкаларын бекіту туралы" Қостанай облыстық мәслихатының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 390 шешімі күші жойылған танылсын, 2007 жылғы 22 қаңтардағы мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 3562 (2008 жылғы 1 ақпандағы N 16 " Қостанайские новости", 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 13 "Қостанай таңы" жарияланған).

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік күн аяқталғанда қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облыстық мәслихаты
үшінші сессиясының төрағасы*

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

КЕЛІСІЛГЕН

Қостанай облыстық мәслихатының
2008 жылғы 16 ақпандағы
N 60 шешіміне қосымша

**2008
ортаға
ставкалары**

**жылға
эмиссиялар**

**арналған
үшін**

**қоршаған
төлемақының**

Р/с N	Көрсеткіштер	Ө л ш е м бірлігі	Қалдықтар д ы ң қауіптілік деңгейі	Шекті ставка, теңге
1	2	3	4	6
1	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары ¹	ш а р т т ы тонна		669
2	Ластаушы заттардың козғалмалы көздерден шығарындылары:	пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі - тонна)		
	этилденбеген бензин үшін			442
	дизель отыны үшін			601,5
	сұйытылатын, сығыл- ған газ үшін			327,8
3	Ластаушы заттардың төгінділері:	ш а р т т ы тонна		
	су көздеріне ²			18002
	жинақтауыштарға сүзу алаңдарына, жер бедеріне			13200
4	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдық- тар ³	тонна		261,6
5	Өнеркәсіптік қалдықтар			
	өндіріс пен тұтыну- дың қауіпті қалдық- тарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналасты- ру	тонна	"қызыл" тізім	9581,8
			"янтарь" тізім	4791
			"жасыл" тізім	1197,7
			жіктел- мегендер	599
	Бұдан басқа			
аршынды жыныстар ⁴	тонна		3,2	
				25

	байыту шлактары, шламдары, қалдық- тары ⁴			
	күл мен күлшлактар ⁴			385,2
	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдық- тары			12
6	Радиоактивті қалдық- тар:	гигабек- керель		
	трансуранды қалдық- тар			508,4
	альфа-радиоактивті қалдықтар			254
	бета-радиоактивті қалдықтар			25,4
	шынақты радиоактивті көздер			254
7	Заңнамада белгілен- ген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары	ш а р т т ы тонна		35152

Ескертпе:

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

⁴ 0,75 коэффициенті;

2) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін мөлшерлемелеріне:
энергия өндіруші ұйымдар;

табиғи монополия субъектілері үшін коммуналдық қызметтерді көрсеткен кезде түзілетін эмиссия көлемі үшін мынадай коэффициенттер енгізіледі:

1 0,3 коэффициенті;

2 0,43 коэффициенті;

⁴ 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

³ 0,2 коэффициенті;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн;

5) ескертпенің 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жеңілдетілген коэффициенттерді қолдану қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтен тыс көлемі үшін төлемдерге қолданылмайды.

Ескерту. Ескертпеге өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2008 жылғы 11 шілдедегі N 111 шешімімен.